



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ РӘМІЗДЕР ҚАТАРЫНА ҚОСАТЫН КЕЗ КЕЛДІ



1995 жылы қабылданған Конституцияда, Мемлекет басшысының 1996 жылғы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Жарлығында және 2007 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» заңда мемлекеттік рәміздер ретінде – Ту, Гимн, Елтаңба көрсетілген.

Мемлекеттік рәміздерді қолдану кезінде жұртшылық арасында Мемлекеттік Гимн мен Мемлекеттік Әнұран сөздері қатар қолданылады. Бұған естір құлақ пен көрер көз үйреніп қалғанымен, оны нақтылайтын уақыт жеткен секілді. Өйткені Мемлекеттік Гимнді Мемлекеттік Әнұран деп өзгертетін уақыт келді. Қазақы түсінікке сай тандалған бұл термин заңнан да көрініс табуы тиіс.

Бұдан бөлек жұртшылық арасында Ұлттық валюта мен Мемлекеттік тілді де мемлекеттік рәміздер қатарына қосатындар көп. Парламент бұл мәселеде де өз ұстанымын айқындауы тиіс. Өйткені ел аумағында өмір сүріп жатқан түрлі этнос өкілдерін біріктіруде ғана емес, елдің дербестігін нығайтуда Мемлекеттік тіл мен Ұлттық валюта – Теңгенің маңызы зор. Бұған кейбір азаматтар «бұл халықаралық тәжірибеде жоқ» деуі күмәнсіз. Алайда жаһандық ықпалдастық аса жоғары қарқынмен жүріп жатқан уақытта бұл шешім мемлекет құраушы ұлттың өз болмысын жоғалтпай, оның атын иеленген Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа мүше 200-ге жуық елдің арасында өзінің бірегейлігін паш етудің белгісі ретінде қажет.

Нақты айтқанда Конституцияда мемлекеттік тіл деп айқындалған қазақ тілін – Мемлекеттік рәміз қатарына қосатын болсақ, одан ешкім ешнәрсе жоғалтпайды. Сол секілді мемлекеттің күш-қуатын, экономикалық дербестігін білдіретін – Ұлттық валютаның мемлекеттік рәміз ретінде заңмен бекітілуін ешкім негізсіз дей алмайды.

Парламент депутаттары қолданыстағы заңнамаға өзгеріс енгізу кезінде тек халықаралық, әлемдік тәжірибелерге сүйене бермей, өз шешімін елдің тұтастығы, бірегейлігі тұрғысынан негіздеп, қабылдайтын болса, оған ешкім де бұл дұрыс емес дей алмасы анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЛПАУЫТ ЕЛДЕР БЕЙБІТШІЛІКТІ САҚТАУҒА ҰМТЫЛУ КЕРЕК



«Миллиардтаған адамның тағдырына әсер ететін аса маңызды шешімді бірнеше елдің қабылдағаны дұрыс емес». Елордада «Ақыл-ойды байланыстыру – болашақты қалыптастыру» деген тақырыпта өткен халықаралық форумда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деп мәлімдеді. Мемлекет басшысының бұл сөзі бүгінде бүкіл әлем бетпе-бет келіп отырған трансұлттық қатерге қатысты айтылды.

(Жалғасы 3-бетте)

САРАП

АБАЙ ІЛІМІ – АДАЛ АЗАМАТ, ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

Абай тек қана қазақ баласы үшін емес, күллі адамзат үшін сарқылмас қазына, адамдықтың, ізгіліктің нәрін алатын мөлдір бұлақ. Абайдың ойларының өміршеңдігі, өзектілігін жоймайтындығы сол – белгілі бір тарихи кезең, өтпелі дәуір үшін емес, оның ілімінің жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарға, адамзаттың мәңгілік сапалық қасиеттеріне негізделгендігінде. Бүгінгі күні Абай ілімінің мемлекеттің негізгі стратегиялық бағыттарымен, ұстындарымен үндесіп жатуы соның нақты дәлелі.

Ұлттық құрылтайда сөйлеген Президент Қ.Тоқаев: «Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі»

деген. Ал арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады», – деп Абай ілімінің жалпыадамзаттық, сондай-ақ мемлекеттік құндылықтың қайнар көзі екендігін айтып өтеді.

Әрине, бұндай ойлар Абай шығармашылығын терең тұщынудан, мемлекеттердің шығу тарихы мен теориясы, мемлекет пен құқық теориясы мен тарихын, өркениетті мемлекеттер қалыптасу қағидаларын зерделеуден туындайды. Осы тұрғыдан алғанда Мемлекет басшысының: «Абай әділетті қоғам құру идеясын көтерген» дегені Абайдың ақындық, ойшылдық қызметімен қатар, мемлекет құрушылық, мемлекет басқарушылық, заңгерлік, заң шығарушылық, оның осы саладағы теориялық ойларымен қатар, практикалық істердегі нәтижелерін саралап берген бағасы.

Абай өмірбаянынан белгілі Семейдегі Ахмет Риза медресесінде білім алып жүрген бозбаланы әкесі Құнанбай елге алдырып, оны ел басқару ісіне баулып, билікке араластырады.

Осы шақтан бастап Абайдың қазақ қоғамындағы қым-қуыт тіршілікке етене араласып, атқамінерлік, яки ел басқарушылық тәжірибесі басталады. «Қарадан туып, хан болған», аға сұлтан Құнанбайдың ұлы болған Абайдың әкесінің беделі мен байлығына мастанып, қазақ тізесін батырып, уайым-қайғысыз өмір сүруіне де болар еді. Бірақ Абайдың болмысы басқа болды. Ерте оянған, ойланған Абай ел басқару ісінде жүріп-ақ, сол тұста қазақ қоғамында жүргізіліп отырған әкімшілік-басқару саясатының дұрыс еместігін, әділетсіздігін, солақай саясаттан туындап отырған кертартпа нәтижелерді көре біліп, жүйені өзгертуге, барынша қазақ қоғамына әділетті, шыншыл, тура, тиімді, пайдалы жолдарды іздейді.

(Жалғасы 4-бетте)

5-бет



«Халық заңгері» әлеуметтік әділетті қамтамасыз етеді

6-бет



Жаңа Салық кодексі: тиімділігі неде?

8-бет



Ұштағандағы ұмытылмас маусым

НӘУБЕТ

АЛАШ АРЫСТАРЫНА ТАҒЗЫМ

Адамзат үшін қайшылық пен арпалысқа толы жылдардың қазаққа әкелген зұлматы көп. Зұлматтың зоры – 1930 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық пен қуғын-сүргін. Бұл тарихтың өшпес сабағы, ұмытылмас тағылымы. Әр халық өзінің санғасырлық тарихындағы барлық оқиғаларды, оның ішінде дәл осындай нәубетті ұмытпауы тиіс.



31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай жыл сайынғы дәстүр бойынша Тұздыбастау ауылында орналасқан «Алаш орда арыстарына тағзым» ескерткішінің басында Желтоқсан көтерілісінің ардагерлері мен «Ақ жол» демократиялық партиясының өкілдері ескерткішке гүл шоқтарын қойып, ел болашағы үшін күрескен қуғын-сүргін құрбандарына құрмет көрсетті. Бұл – ұлт азаттығы жолында жанын пидә еткен арыстарға деген ел ықыласының айғағы.

Тағзым жасауға келгендер алдында Талғар аудандық әкімшілігінде Мәдениет, тілдерді дамыту, спорт бөлімінің басшысы Фарида Бегенбаева ханым сөз сөйлеп, іс-шараны ашып берді. Ол өз сөзінде қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш қайраткерлерінің еңбегі мен тарихи маңызына тоқтала келіп, желтоқсан ардагерлерінің еңбегін де атап өтті.

– Бүгінгі айтулы күнге орай Талғар өңірінде Жаңалықтағы музейде қоғам қайраткерлері, қуғын-сүргінде ұшырағандардың ұрпақтары қатысқан іс-шара өтсе, Желтоқсан оқиғасының отыз жылдығына орай орнатылған ескерткіш алаңында жиын өтіп 360 адамға ас беріліп құран бағышталды. Сонымен қатар түстен кейін арыстарға тағзым ретінде спорт турнирі өткізілді. Міне, мына «Алашорда арыстарына тағзым» ескерткішінің алдында өздеріңізбен бірге Алаш қайраткерлерін еске алып, рухтарына тағзым етудеміз. Біздің мақсатымыз – Алаш арыстарының тарихын ұмыттырмай, ісін,

елге жасаған еңбегін, мемлекеттік іс жолындағы идеясын жас ұрпақтың жадында қалдыру, – деп сөзін аяқтады Фарида ханым.

Ескерткіш басында Сафура Фаритқызы бастаған желтоқсан ардагерлері кезегімен сөз алып, геноцидтің зардабы өшпестей із қалдырғанын, сондықтан да тәуелсіздігіміздің бағасын ұғынып, елдігімізді сақтап, тілімізді құрметтей білейік деген ойларын ортаға салды.

– Қазақта «Өлі разы болмай, тірі байымайды», – деген сөз бар. ХХ ғасырдың 20-50-жылдарында Қазақстанда неше мыңдаған адам «Халық жауы» деген жаппамен құрбан болды 1931–1933 жылдарғы ашаршылықта қазақ халқының үштен бірі қырылып, тірі қалғаны жан сауғалап босып кетті. Бұл нәубет – ұлттың басынан өткен ауыр трагедия. Бүгінгі бейбіт өмірдің, азаттықтың бағасын ұғынып, өткенге тағзым ету – азаматтық парызымыз, – деді Ақжол партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы Мейраш Шынасылова.

Халық өз тарихына әділетті баға беруі керек. Сонда ғана елдің, ұлттың абыройы мен намысы сақталады. Әрбір ұрпақ бүгінгімен ғана емес, кешегісі мен өткенінен сабақ алып өмір сүруі керек. Себебі азаттық үшін күрескен ерлерді ұмыту – тарих алдындағы сатқындық. Сондықтан тарихты бұрмаламай, нағыз елдік, халқымыздың азаттығы жолында күрескен ерлерге, арыстарға тағылымды тағзым жасау – перзенттік борышымыз.

Ұлбала ӘЛІШЕВА,
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

АЛИМЕНТ АТА-АНАНЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРА АЛМАЙДЫ

Өмірге ұрпақ әкелгеннен кейін оны бағып, қағу, тәрбиелеу, оқыту – ата-ананың етене міндеті. Ата-ананың мейірімі мен қамқорлығын көріп өскен әрбір бала бақытты. Толық отбасында тауқыметті сезінбей, анасы мен әкесінің махаббатына шомылып ер жеткен балалардың арманы асқақ, мақсаты биік. Өкінішке орай, соңғы жылдары ерлі-зайыптар арасындағы келіспеушіліктің кесірінен ажырасулар жиілеп кеткені белгілі.

Ажырасудың салдары ауыр. Ата-анасының екі жаққа кетуі әсіресе балаларға қиын тиеді. Айналасындағы балалардың ата-анасымен бірге жүргенін, уайымсыз, алаңсыз толық отбасында өмір сүріп жатқанын көру балалардың психологиясына айтарлықтай әсерін тигізеді. Әсіресе, өтпелі кезеңдегі жасөспірімдер ата-анасының екі жаққа кетуін өте ауыр қабылдайды. Осы кезде көңіл бөліп, психологқа апарып, тәрбиесіне назар аудармаса, баланың теріс жолға түсуі, күмәнді топтардың ықпалына ілінуі өте оңай. Міне, ерлі-зайыптылар ажырасар кезде осы мәселелерге көңіл бөлгені жөн. Алайда, ажырасуға шешім қабылдаған жандар бала тағдырына алаңдай бермейді. Оны алиментке байланысты қордаланған берешекке қарап та білуге болады.

Алимент ата-ананың ор-

нын алмастыра алмайтыны белгілі. Бұл қаржы тек балалардың өмірлік қажеттіліктерін өтеу үшін ғана керек. Ұл-қызының ертеңіне бейжай қарамаған ата-ана алиментті уақытылы төлеумен бірге, балалардың тәрбиесінен де шет қалмауы, отбасымен үнемі байланыста болуы тиіс. Ал борышкерлердің көпшілігі бала алдындағы қарызын төлемек түгілі, ұл-қызының туған күнінде қоңырау шалып, құттықтауға шамасы келмей жатады. Соның салдарынан биыл алимент бойынша қордаланған қарыз 16 млрд теңгені құраған. Бүгінде 272 мың әке мен 11 мың ана балаларына алимент төлемей қашып жүр. Бұл қоғам болып ойланатын, алаңдатын мәселе. Өйткені, қаржылық қиындықта өскен, ата-ана тәрбиесін көрмеген балалардың болашағы бұлыңғыр. Елімізде жасалатын қылмыстар мен құқық



А.ЕРЖИГИТОВА,
Алматы облысы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

бұзушылықтардың басым бөлігі толық емес отбасында тәрбиеленген балалардан шығатыны мәлім. Осының өзі алимент өндіру жұмысына ғана емес, отбасын сақтау мәселесіне жіті назар аудару керектігін дәлелдейді.

МІНБЕР

«Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңның 13-бабына сәйкес, елімізде сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

АУДАРМАШЫ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУ ТЕГІН

Азаматтық процестік кодексінің 14-бабына сәйкес, сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі. Сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады. Сот ісін жүргізу тіліне байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгер-

туге болады. Тараптардың тең құқықтылығы қағидатын ескере отырып, сот осы мәселе бойынша екі жақтың пікірін анықтауға міндетті. Ал іс жүргізу тілін білмейтін немесе жөнді білмейтін іске қатысушы адамдарға сотта аудармашының қызметін тегін пайдалану қамтамасыз етіледі. Бұл ретте, әрине, кездесетін қиындықтар да бар. Мысалы, қазақ тілінде жазылған арызға тіркелген құжаттардың басқа тілде болуы, іс бойынша жасалған сұраныстарға

іс жүргізу тілінен басқа тілде жауап берілуі. Мұндай кезде, арыз берушіге басқа тілдегі құжаттардың аудармасын тіркеу ұсынылады, оған мүмкіндігі болмағанда, аудармашының көмегімен құжаттардың аудармасы жасалады.

Заңдар мен құқықтар туралы сауатты арттыруға бағытталған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде таратылады. Заңнамаға, мақалаларға, нұсқаулықтарға және басқа ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ететін интернет-ақпараттық ресурстар, веб-сайттар мен қосымшалар құрылған. Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысатын адамдардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ететін құқықтық кепіл болып табылады.

Бақытгүл СҮЛЕЙМЕНОВА,
Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ШАРА

БАР ЖАҚСЫЛЫҚ БАЛАЛАРҒА

1 маусым – балаларды қорғау күні. Осы айтулы мерекені балалардың есінде қалатындай мазмұнды, мағыналы, көңілді өткізудің пайдасы орасан. Мұндай қолдау мен қамқорлыққа толы шаралар арқылы балалар өзінің қоғамға, айналасына керек екенін сезінеді. Осыны ескерген Алматы облысы Қарасай ауданының жеке сот орындаушылары жыл сайын балаларға мерекелік шара ұйымдастырып, аналар мен балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауды әдемі дәстүрге айналдырған.

Айталық жылдағы үрдіспен жақында Қарасай ауданындағы толық емес отбасының балаларына арнап мерекелік шара ұйымдастырылды. Ол үшін алдымен балалар арасында сауалнама жүргізіліп, кішкентай бүлдіршіндердің арманы мен қалауы сұралды.



Содан кейін жеке сот орындаушылар балаларға қажетті ойыншық, кітап, киім-кешектерді алдын ала сатып алып, мереке күні тарту етті. Сонымен бірге, мерекелік шараға келген аналарға жеке сот орындаушылар құқықтық кеңес беріп, алаңдатқан сұрақтарына толыққанды жауап алды. Мұндай ша-

Жеке сот орындаушылар мерекелік шараның форматы мен тұжырымдамасын қалыптастыруға ерекше мән береді. Өйткені, балалар күні – бір мезеттік шара үлгісінде ұйымдастырылмауы керек. Бұл күн балалардың арман-мақсатын тыңдап, көңіл түкпіріндегі ой-пікірлерін анықтауға мүмкіндік беруімен бағалы. Қазіргідей ақпараттық заманда пікірлесудің, сұхбаттасып,

тілдесудің көмегі көп. Осы арқылы үлкендер мен балалар арасында түсіністік орнайды. Балалар өз жақындарының ғана емес, қоғамның да ықыласы мен мейірімін сезінеді.

Биылғы шара барысында да балалармен арадағы байланысты нығайтып, бүлдіршіндердің есінде тағылымды естелік қалдыруға басымдық берілді.

раның аналарға да пайдасы зор болды.

Мерекелік шара соңында балалар әдемі көңіл-күй сыйлап, тамаша тарту жасаған жеке сот орындаушыларға алғысын айтты.

Е.ШАҒДАТ,
Т.КЕНЕНБАЕВ,
Қарасай ауданының жеке сот орындаушылары
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

ҰЛ-ҚЫЗЫМЫЗДЫҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ ҰМЫТПАЙЫҚ!

Балалар күні – бір күндік, бір мезеттік шара емес. Бұл мереке балаларға көңіл аударып, ұрпақ тәрбиесіндегі ұлағатты іс-әрекеттерді ұтымды жүзеге асыру үшін берілген мүмкіндік. Сонымен бірге бұл мереке балаларға қатысты түйткілдерді тарқатып, балаларды не алаңдатыны, балалардың болашағы үшін қандай қадамдар жасалуы керектігін талдап, талқылауға жол ашады. Соның ішінде жеке сот орындаушылар жыл сайын балалар мерекесі қарсаңында толық емес отбасындағы ұл-қыздардың арманын орындап, түрлі сыйлықтар үлестірумен бірге, алиментке қатысты берешекті уақытылы өндіруге байланысты туындайтын мәселелерді бірлесіп шешуде.

Біздің елімізде алимент бойынша қарыздар бұрын да болған, қазір де бар. Борышкерлердің жауаптылығын арттыру мақсатында әкімшілік, қылмыстық жауап-

тылықтың қатаңдатылғанына қарамастан, өз балаларының нәпақасын беруден жалтаратындар қай кезде де табылады. Борышкерлермен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, түрлі мәжбүрлеу шаралары тұрақты қолданылады. Өйткені, жеке сот орындаушылар алиментке байланысты туындайтын келеңсіздіктерді нақты тәжірибеден біліп, көріп отыр. Бүгінгідей нарықтық заманда балалардың қажеттілігін өтеу әкелер мен аналарға оңай түсіп жатқан жоқ. Ұл-қызын қатарынан кем қылғысы келмеген олардың бірнеше жерде жұмыс істеп, күні-түні еңбек етіп жүргендері көп. Алайда, бар зейінін жұмысқа арнаған ата-ананың бала тәрбиесін ақсатып алатыны да шындық. Ерлі-зайыптылар бірігіп атқаруы тиіс міндет бір адамның ғана мойнына түскенде тәрбие мен тәлімнің төмендейтіні түсінікті. Сондықтан, алимент төлеуге міндетті ата-ананың жауап-



Бекболат МЕРКІБАЕВ,
Алматы қаласының жеке сот орындаушысы

тылығын бірге көтеру, бала алдындағы берешегін өтеуіне жағдай туғызу маңызды.

Мысалы, жеке сот орындаушылар жыл бойы кәсіпкерлермен, әкімшілікпен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, борышкерлердің тұрақты жұмысқа тұруына көмек қолын созады. Бұл қарызды қайтарудағы ең қажетті қадам. Ең бастысы, азаматтар өз балаларына деген мейірімін жоғалтпаса дейміз. Ұл-қызының ертең ойлаған жан алиментті бір күн де кешіктірмейтіні түсінікті.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЛПАУЫТ ЕЛДЕР БЕЙБІТШІЛІКТІ САҚТАУҒА ҰМТЫЛУ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Кемелұлы осы ретте бұл қауіпке қарсы әрекеттегі бірізділіктің жоқтығына алаңдаушылық білдірді. Өйткені, әлемдегі ахуал өте шетін, тұрақсыз әрі кереғарлыққа толы. Сондықтан жаһандық ынтымақтастық үшін құрылған институттар осы жағдайларға сай болуға тиіс. Қазақстан орта державалар әділетті әрі инклюзивті әлемдік тәртіптің орнауына мүдделі болуы керек деп санайды. Қазіргі жүйені мұқият саралап, тың әдіс-тәсілдерге сүйену қажет. Соған сәйкес, орта державалар да жауапкершілік жүгін көтеруге дайын болуға тиіс.

Екі күнге созылған алқалы жиынға Еуропа, Орталық Азия, Таяу Шығыс және Африка елдерінен БҰҰ, ФАО, ХҚҰ және ДЗМҰ сияқты жетекші халықаралық ұйымдардың атынан 160-тан астам адам қатысып, сөз сөйледі. Форум аясында 40-тан астам панельдік сессиялар, бейресми пікірталастар және басқа да бағдарламадан тыс шаралар өтті. Оларда негізінен экономикаға, климатқа және мемлекетаралық қатынастарға назар аудара отырып, жаһандық өзгерістер жағдайында халықаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды. Форумда сөз алғандар қатарында Руанда Президенті Пол Кагаме және Жаһандық жасыл өсу институтының төрағасы Пан Ги Мун болды.

Халықаралық шарадағы сүбелі сөзді Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтты. Бүгінде әлем жолайрық, халықаралық қатынастардағы сын сағаты деп сипаттауға болатын белгісіздік белең алған кезеңді бастан кешіп жатқаны шындық. Дүниежүзін қақтығыстар мен соғыс өрті жайлап барады. Былтырғы мәліметке сәйкес, 52 мемлекет қарулы қақтығыс жағдайында тұрған. Ал осындай қатыгез әрекеттерден келген экономикалық шығын 19 триллион долларға жетті. Бұл сандардың арғы жағындағы ахуал одан да қорқынышты, яғни қазіргі қақтығыстар анағұрлым ұзақ

әрі күрделі сипатқа ие. Оған көптеген «ойыншылар», тіпті, ешқандай мемлекетке қатысы жоқ топтар араласады. Бұдан бөлек, мұндай қақтығыстардың тамырында түрлі қайшылықтар жатыр. Аталған факторлар бейбітшіліктің берік орнауына кедергі келтіруде. Айрықша алаңдаушылық туғызатын тағы бір дүние бар. Ол – әлемдегі осы тектес шиеленістердің жаһанға мүлдем жаңа түсінік пен құндылықтар ұсынып, адамзатты түбегейлі түлеген, бірақ әзірге беймәлім келешекке бастап бара жатқан жасанды интеллекттің даму трендімен еш үйлеспейді. Осы жайлы ойын ортаға салған Тоқаев мырза бұл тұрғыда тарихи тұжырымдар мен саяси араздыққа негізделген әскери қақтығыстар мен соғыстар мүлдем орынсыз, тіпті ақылға қонбайтынын мәлімдеді. Қазақстан Президенті бұл тұрғыда соғысудың орнына халқымызды, әсіресе, жастарымызды саналы әрі өркениетті қоғам құруға үндеу қажеттігін атап көрсетті.

Бүгінде тоғыз елдің арсеналында жалпы саны 13 мың ядролық оқтұмсық бар. Сарапшылар оны қолдану ықтималдылығы артып келе жатқанын ескертеді. Тіпті, бұған жазатайым қателік, оқыс оқиға немесе эскалация себеп болуы мүмкін. Бір ғана жарылыстың салдары жойқын болмақ. Ғалымдар атом бомбасы түскен жерін күл-талқан етіп қана қоймай, жаһандық ауқымдағы климат апатына әкеп соғуы, егістік атаулыны жойып жіберуі мүмкін екенін айтады. Оның қасіретін біз жақсы білеміз. Жерімізде жасалған 450 ядролық сынақтың зардабымен Қазақстан әлі күнге дейін бетпе-бет келіп отыр. Біз бейбітшілік үшін Кеңес өкіметінен мұраға қалған ядролық арсеналдан өз еркімізбен бас тарттық.

Бүгінде жаппай қырып-жоятын ядролық және биологиялық қаруды таратпау ұстанымын жақтаймыз. Жаһандық қауіпсіздікке төнген қатерге тек геосаяси сипат тұрғысынан қарамау керек. Мультилатерализмнің үні құмықанда, протекционизм өршиді. Осынау бей-берекет кезең-

дегі біздің міндетіміз – ынтымақты қатаң сақтау, ыдыраған тұсын қайта қалпына келтіру.

Өзекті мәселенің бірі ретінде Тоқаев климат дағдарысына назар аударды. Президент бұл мәселені орнықты дамудың негізгі басымдығы ретінде атап көрсетті. Орталық Азия – планетадағы климат өзгерістеріне осал өңірлердің бірі. Мұнда ғаламдық жылыну деңгейі әлемдегі орташа көрсеткішпен салыстырғанда екі есе жоғары. «Аталған қиындықтарды еңсеру үшін өңірлік тұрғыдан үйлестірілген, прагматикалық бағыттағы климат күн тәртібін ілгерілетуге бейілміз. Оның аясында еліміз бірқатар халықаралық ұйымға мүше болып, келісімдерге қосылды» деді осы ретте Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті осы орайда сөз басында назар аударылған жаһандық ынтымақтастық үшін құрылған институттар жұмысына айрықша тоқталды. Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде 193 ел мүше БҰҰ-ның негізгі тармақтары, әсіресе, Қауіпсіздік Кеңесі жұмысы реформалану керек. 80 жыл бұрын жасалған институционалды құрылым мен қазіргі заман арасында алшақтық көп. Бұл ұйымға және оның тиімділігіне деген сенімге селкеу түсіреді. Миллиардтаған адамның тағдырына әсер ететін аса маңызды шешімді бірнеше елдің қабылдағаны дұрыс емес. Сондықтан Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын кеңейтіп, оған әлемнің әр өңірінен өкіл қосу туралы ұстанымды қолдайды. Алпауыт елдер бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бейіл екенін анық білдіруі керек. Әрі барлық мемлекеттің территориялық тұтастығын қорғау туралы ең басты қағидаттан айнымауға тиіс. Бәріміз БҰҰ Жарғысын мұлтқисіз сақтауымыз қажет. Оның негізгі принциптеріне үстірт немесе немқұрайлы қараудан аулақ болуымыз керек. Сонда ғана Біріккен Ұлттар Ұйымының абырой-беделіне деген сенімді қалпына келтіре аламыз.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



750-ДЕН АСА САРБАЗ БҰҰ БІТІМГЕРЛІК ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қазақстанның әскери қызметшілері бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссияларына тұрақты түрде қатысып келеді.

Соңғы 20 жылда 600-ден астам қазақстандық әскери қызметкер БҰҰ-ның бітімгершілік операцияларына қатысты. Бүгінде Біріккен Ұлттар Ұйымының басты бағыттарының бірі – бітімгершілік миссиясы. Іргелі ұйымның осы қызметі әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға зор үлес қосып келеді. Қазақстан – Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік күштеріне Орталық Азиядан әскер жіберетін бірден-бір мемлекет.

БҰҰ-ның әлемдегі алғашқы бітімгершілік миссиясы 1948 жылы мамырда «Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік шарттарының орындалуын бақылау органы» деген атпен құрылды. 29 мамыр БҰҰ-ның халықаралық бітімгершілік күні болып белгіленді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесі бекітті. Бұл күні бүкіл әлемде қызмет ететін бітімгерлердің жанқиярлығы мен оған құрмет көрсету шаралары өтеді. Бұл – әлемдегі қақтығыстарды тоқтатуға және бейбітшілікті нығайтуға аянбай еңбек еткен жандарға құрмет көрсетілетін ерекше күн.

Қазақстан өз бітімгерлік жолын 2003 жылы бастаған сәттен бері БҰҰ миссияларына белсенді қатысып келеді. Бүгінде еліміздің әскери қызметшілері әлемнің түрлі өңірлерінде – Ливаннан бастап, Орталық Африкаға дейін бейбіт өмір орнатуға күш салып жүр. Қазақстанның халықаралық бітімгерлік миссияларға қатысуы 2003 жылы алғашқы инженерлік-саперлік «Қазбат» жасағының құрылуымен басталды. Бұл елдің бейбітшілік пен қауіпсіздік жолындағы алғашқы нақты қадамы болды.

2014 жылы Қазақстан алғаш рет өз әскери қызметшісін БҰҰ-

ның Батыс Сахарадағы миссиясына әскери бақылаушы ретінде жіберіп, халықаралық ұйыммен ресми ынтымақтастықты бастады. Содан бері қазақстандық бітімгерлер Ливан, Батыс Сахара, Кот-д'Ивуар сияқты түрлі аймақтарда бейбітшілік орнатуға атсалысып келеді.

2024 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Африка мен Таяу Шығыстағы миссияларына қосымша әскери мандатар жіберді. Әсіресе Орталық Африка Республикасы, Мали және Конго Демократиялық Республикасындағы жағдай күрделілігімен ерекшеленді. Қазақстан – ТМД елдерінің ішінде БҰҰ-ның Голан жоталарындағы миссиясына жеке мандатпен қатысуға рұқсат алған жалғыз мемлекет.

Қазіргі таңда еліміздің 139 әскери қызметшісі атысты тоқтату режимін сақтау секілді маңызды тапсырмаларды орындауда. БҰҰ контингентін өз бетінше орналастыру шешімі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру мен әскери даярлық жүйесін дамытуға бағытталған ауқымды жұмыстың жемісі болды. Осы процесте Алматы қаласында құрылған Бітімгерлік операциялар орталығы маңызды рөл атқарып отыр. Ол бітімгерлерді құқықтық, тілдік, гуманитарлық және психологиялық тұрғыдан жан-жақты дайындаумен айналысады.

Қазақстанның бітімгерлік миссияларға қатысуы халықаралық қауіпсіздікке үлес қосудан қатар, еліміздің жаһандық беделін арттырып, әскери қызметшілердің кәсіби машықтарын жетілдіруге мүмкіндік береді. Олар көпұлтты ортада әрекет етуі тәжірибесін жинақтап, жауынгерлік дағдыларын шыңдай түседі.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

КӨКӨНІС DAҚЫЛДАРЫНЫҢ ТҮСІМІ BOЙЫНША КӨШБАСШЫ АЙМАҚ

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, қаңтар-наурызда көкөніс дақылдарының жалпы түсімі 234771,6 центнерді құрады. Өңірлер арасында Алматы облысы ең алдыңғы орында тұр. Мұнда көкөніс дақылдарының түсімі 60702,2 центнерді көрсетті. Бұл 2-3 орындағы Павлодар (50 221,9) мен Ақтөбе (3334,4) облыстарының көрсеткішінен біршама жоғары.



Алматы облысы есепті кезеңде көкөніс дақылдарының ішінде қияр, қызанақ, салат, чили және бұрыш, саңырауқұлақ, қойбүлдірген өсіреді. Көкөніс дақылдарының ішінде елімізде барлық өңірде өсетін жалғыз дақыл бар. Ол – қияр. Қиярдың түсімі бойынша Алматы облысы республикада көшбасшы. Бұл дақылдың түсімі бойынша 2-3 орында Павлодар мен Батыс Қазақстан облыстары орналасқан.

Алматы облысы саңырауқұлақ пен қойбүлдірген өсірген республикадағы жалғыз өңір болып табылады. Бұдан бөлек жабық топырақта салат, чили және бұрыш өсіру жағынан да республикада ең алдыңғы орында тұр. Ал қызанақ бойынша Ақтөбе облысынан кейін екінші орын алды. Мұнда көкөніс дақылдарынан қырыққабат, баялды, пияз, лимон, банан ғана жоқ. Осы арада биыл елімізде қаңтар-наурызда қырыққабат Батыс Қазақстанда, пияз Жамбыл, банан Түркістан облыстарында ғана өсірілгенін айта кеткен жөн шығар.

Алматы облысы қаңтар-наурыздағы жылыжайдың

пайдаланатын алқабындағы көкөніс дақылдары бойынша да республикада ең алдыңғы орынға жайғасқан. Бұл жағынан алғашқы үштікті Түрікстан Ақтөбе облыстары түйіндеуде. Өңірде жылыжайда өсірілетін көкөніс дақылдарынан – қияр, қызанақ, салат, чили және бұрыш, саңырауқұлақ, қойбүлдірген бар. Қырыққабат, баялды, пияз, лимон, банан жоқ. Егер жылыжайда өсірілетін көкөніс дақылдарының құрылымына қарайтын болсақ, биыл мұнда да қияр ғана республиканың барлық өңірінде өсірілген. Бұл дақылдың түсімі бойынша Алматы облысы Шымкент қаласы мен Түркістан облысынан кейін үшінші орында тұр. Ал саңырауқұлақ пен қойбүлдірген Алматы облысынан өзге өңірде өсірілмеген. Салат өнімділігі бойынша бірінші, чили және бұрыш өнімділігі бойынша Астана қаласымен бірдей көрсеткішке ие. Қызанақ бойынша Ақтөбе мен Павлодар облыстарымен бірге үздік үштікке енді.

Жалпы Қазақстанда қаңтар-наурыз айларында жылыжай алқаптарында көкөніс дақылдарынан Алматы облысындағы саңырауқұлақ пен қойбүлдіргеннен басқа, қырыққабат Батыс Қазақстан облысында, пияз Жамбыл облысында, банан Түркістан облысында өсірілді.

Еліміздің оңтүстігінде жатқан Қызылорда, Жетісу облыстары мен Алматы, Шымкент қалалары жабық топырақтағы көкөніс дақылдарының түсімі жағынан Алматы облысының көрсеткішіне маңайлай да алмады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ
ALMATY OBLYSY



САРАП

АБАЙ ІЛІМІ – АДАЛ АЗАМАТ, ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ел ішінде жастайынан беделі кең тараған Абай ел басқарған азамат болған тұсында Төбе би атанып, әділдік жолында күреседі. 1886 жылдан шығармашылықпен қатар, ел басқаруда өзінің құқықтық-әкімшілік басқару ойларын айтып-жазатын заңгерге, заң шығарушыға айналады. «Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде біз патшалықтың дәл өзін сынап, қарсылық сөз сөйлегенін кездестіре алмаймыз. Бірақ сол патшалықтың қазақ елі сияқты бұратана жұртты билеп отырған жүйесін және губернатор, ояз, болыс, тілмаш, би, старшын, елубасы, атшабар, онан соң жаңағы қазақтан шыққан ұсақ чиновниктер бар, осылардың барлығын барынша әшкерелеп, масқаралап, мінегенін көреміз», – деген ұлы Мұхтар Әуезов ақынның қазақ қоғамының дамуын тусап, тежеп отырған басқару жүйесін, қазақ қоғамының дертін деп басып көрсете білгенін айтты.

Абай өзінің әлеуметтік мәселелерде айтқан өлеңдерінде ел басқарған, басқарамын деген адамдардың қандай болуы керектігін көп баяндаған. Онда қазіргі тілмен айтқанда «мемлекеттік қызметші қандай болу керек» деген этикалық кодекс іспетті ұстаным поэзия тілімен айтылады.

«Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» деген Абай өскелең жас ұрпақты тәрбиелеуде, оны оқытуда негізгі мақсат шеңкұмарлық, мансапқұмарлық пияғыл емес, баланың оқу-білімге ұмтылысы, жаратылыс, дүниені тануы, өркениеттілік, ізгілік жолдарына қадам басуын мұрат ету



керектігі көзделеді. Өкінішке орай, біздің қазіргі қоғамымызда да бұл кері қасиеттерден толықтай ада бола алмадық, адамзатқа, қоғамға, халыққа қызмет ету басты мақсат емес – жеке бас пайдасы, байлық, атақ, мансап бірінші кезекке қойылатын тұстары кең белең алуынан мемлекеттік қызметшілер тарапынан түрлі заңбұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық қылмыстары жасалып, мемлекет пен ел мүддесі ескерілмей, халықтың әл-ауқаты түзелмей жатқан тұстары бар.

Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Абайдың бұл ойлары – Президент Қ.Тоқаевтың ұсынып отырған Адал азамат тұжырымының негізгі өзегі. Адал азамат құқықтық тұрғыдан білім-білігі өте жоғары, құқықтық

танымы, сауаты, мәдениеті толық қалыптасқан тұлға болумен қатар, адамдық этикалық-моральдық қасиеттері жетілген, діни-философиялық ұстанымы орныққан, Ар деген құнды қасиеттер шоғыры қалыптасқан тұлға болуы керек. Абай айтқан «Адал жүріп, адал тұру» кез келген қатардағы азаматтан бастап, ел басқарып отырған, елге қызмет етуі керек мемлекеттік қызметшілерге, құқық қорғау, заң саласы қызметкерлеріне қойылатын басты талап болса керек. Адал жүріп, адал тұру моделі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің басты критерийінің бірі. Бұл модельде адамдық моральдық-этикалық қасиеттердің тазалығымен, туралығымен қатар, біреуге пара бермеу, біреуден пара алмау, біреуді сатып алмау, біреу-

мен ауыз жаласып, топтасып сыбайластық әрекет жасамау, біреуге ор қазып, жамандық жасамау, адалдықтың, әділдіктің ала жібін аттамау деген сөз.

Болыс болдым мінеки, Бар малымды шығындап. Түйеде қом, атта жал, Қалмады елге тығындап.

Абай осы өлеңінде XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамының бейнесін, оның ішінде басқарушы билік өкілдерінің бейнесін көрсетеді. Қазақ қоғамында болыс сайлауы қалай өтетіндігін меңзейді. Ал болыс сайлауы қалай өтеді екен, пара беру арқылы, сатып алу арқылы, алдын ала ауыз жаласу, сыбайласу арқылы, демек сыбайластық, сыбайлас жемқорлық, парақорлық арқылы өтеді екен. Болыс сайлауында дауыс алу үшін үлкен ұлықтардан бастап, старшын, ауылнайлардың бәріне мал берген атқамінердің келбеті Абай тұсындағы өмір шындығынан алынған.

Елдің елдігін, елдің бірлігін азайтып отырған басқару жүйесін сынаған Абай, қазақ қоғамының осы дертке күн санап дендеп бой алдырып жатқанын көре біліп, халыққа тура жолды нұсқайды. Сөзді ұғады-ау деген есті адамдарға иек артады. Бар үміті қазақтың оқыған жастарында болады. Абайдың 1890 жылдары жазған өлеңдерінде ел ішінің жағдайын көріп отырғандықтан, шындықтың қанын тамызып өткір айтатын тұсы аз емес, оған өз кезегінде Ресейдегі сол тұстағы кең тараған социал-демократтық бағыт өкілдерінің шығармашылығы зор әсер еткендігін де көруге болады.

Ел де жаман, Ер де жаман – Аңдығаны өз елі. Елде – сыяз, Ойда – ояз, Оңбай-ақ тұр әр түрі.


Абайдың осылай күйіне, жүрегінен қан, көзінен жас боп аға жазған өлеңдеріндегі, айтқан сөздеріндегі басты мақсат – адалдық, әділдік, адам болу, адал жүріп, адал тұру, арлы болу, арды ойлау. Ал өз кезегінде бұл қасиеттер Адал азамат тұжырымының мәйектері. Адал азамат қалыптастыру жолдары адал болу – құқықтық сана мен құқықтық білім, ал ол екеуі құқықтық мәдениетке алып келетін жолдар. Пре-

зидент Қ.Тоқаевтың көтеріп, жүргізіп отырған Әділетті Қазақстан стратегиясы да құқықтық қоғам, құқықтық мемлекет деген идеялармен өзектес. Абай да қазақ қоғамының құқықтық қоғам, адалдық, әділдік, шыншылдық, туралық орнаған қоғам болғанын қалады. Сол үшін талай жыл күресті де, өзінің сөзімен ғана емес, ісімен көрсете білді. Оған өмірдегі Абайдың болыстығы, төбе билігі, судьялығы, заң шығарушылығы зерттеген академик М.Әуезов, С.Зиманов бастаған ғалымдардың еңбектері куә бола алады.

Құқықтық мемлекет, құқықтық мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мәселелерінде Абай ілімінің берер азығы мол. Академик С.Зиманов айтқандай, Абайдың билігі, құқықтық ойлары әлі де терең зерттеуді қажет етіп тұрған сала. Қазақ әдебиетінде Абай сыбайлас жемқорлық және онымен күрес тақырыбын көтерген, өмірде де, өнерде де ол құбылыстармен күрескен бірден бір тұлға деп айтуға болады. Қазақ сыбайлас жемқорлықпен күрес саласының бастауында Абайдың тұруы көп ой салады. Абай өз қоғамында айтты-күресіп кеткен індет, қазіргі қазақ қоғамында да ауыздықталмай тұруы әрбір азаматты толғандырады.

Десе де, Жаңа Қазақстанда сыбайластық дертімен ымырасыз күрес жүргізіліп жатыр. Жарқын болашақта бұл жұмыс өз нәтижесін көрсете жатса. Жемқорлықпен күрес бір бөлек те, оны болдырмау үшін кез келген азамат өскелең кезінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет уызында тәрбиеленсе, қоғамдық даму тың серпіліс алатын еді. Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды қалыптастыруда хакім Абайдың ілімдері де өлшеусіз үлесін қосатындығы күмәнсіз және осы бағыт-бағыттық жолға қойылып, зерттеулер жүргізіледі деген сенім мол.

Ноябрь КЕНЖЕҒАРАЕВ,
филология ғылымдарының
кандидаты,
Алматы облысы бойынша
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл волонтері



ПАЙЫМ

СУДЬЯ – ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТІСІ

Ғалами ғылым нормаларын өзгелерден гөрі анығырақ сезген Шоқан өзінің «Сот реформасы» туралы аңсарында: «Әрбір дамуға және мәдениетке қабілетті халық Европалық, жалпы адамзаттық білімді жетік меңгеруге міндетті. Өзіне жүктелген осынау жауапты істі орындау жолында тосқауыл болар барша қиындықты еңсере отыра, ұлттың бүкіл ерік-жігерін нәпсі үстемдігін жеңуге жұмсау халықтың өмірлік мақсат-мүддесі болуға тиіс» депті (Шоқан. Т. 4, 80 б. авторлық аударма).

Жаратылыс заңы әрбір ұлт пен ұлыстың, әркімнің саналы түрде ғылым, білімнің хақиқатын таппақ жолындағы ұмтылысының жетекші күші болып табылады. Адам баласы түгіл, мына білінген бүкіл әлем ең жоғарғы динамикалық біртұтастыққа ынтықтық сезімінде ғұмыр кешеді.

Табиғат дарытқан адам бойындағы бар қабілет, қасиеттің мақсат, мүддесі саналылыққа ұмтылып, символда бекіп, көзге көрініп, жадта сақталып қалмақ ниеті, сыртқы пішін мен ішкі мәннің өзара тығыз байланыстылығы, осынау біртұтастық заңына бағынады. (Альбер Сеше. Программа и методы теоретической лингвистики. Психология языка. 57, 144 бет.)

Динамикалық біртұтастық ұғымының грамматикалық мән-мағынасы жалпы адамзаттық жазу-сызу мәдениетінде етістік пен есімнің айырылмаған, түгел сөздің түбірлес, тұлғалас сақталып қалмақ ниеті, сыртқы пішін мен ішкі мәннің өзара тығыз байланыстылығы, осынау біртұтастық заңына бағынады. (Альбер Сеше. Программа и методы теоретической лингвистики. Психология языка. 57, 144 бет.)

Толымдылық билікке керек, онсыз ол толық билік ретінде күн кеше алмайтынын

Абай аңғартқан: «Билікке толымды, білімді кісі сайланғаны дұрыс». Реті келгенде, Абайдың авторлығына телініп жүрген «Таза мұсылман, толық адам» делінетін қағида жалпы адамзатқа ортақ ежелгі құқықтық ұстаным екенін айта кетсек жөн болар. Оны Абайдың өзі де бекітеді: «Һәммаға мағлұм, әуелде адам балалары бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынып келгендігі. Бірі – Үндістан тарапынан; ол жақтан келген жұрттардың көбі білімді болып, ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер» (Абай. «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралы»).

Абай үздік, үлгілі деп танып отырған Үндістанда алғы, негізгі мәннің есімі, тура атауы жоқ. Үнділік жұрт жоқтан бар қылатын мәнге «То» немесе «это» деген сілтеме есімдіктермен нұсқайды. (Е.П. Блаватская. Разоблаченная Изиды. II-том. 352-б.)

Үндістандық дәстүрге ұқсас орыс тіліндегі «закон» терминінің этимологиялық оқылуы да сол іспеттес: «закон, То, что было в начале».

Үнді мен орыстан қытай елі де қалыспайды, олардың тілдік қорында «bi» фоноидеограммалық иероглифінің көне мағынасы «Тот», «то» - анау, ана жақ деген мағынада. (Задоренко Т.П., Хуан Шуин. Основы китайского языка. 612-б.)

Үнді, орыс, қытайға ортақ «жоқтан бар



қылушы» құдіретіне сілтеме жасайтын бірлікке ұқсас Жаңазеланд тіліндегі «to» термині «өмір» және ана құрсағындағы тіршілік иесін білдіреді. (Вильгельм фон Гумбольд. Избранные труды по языкознанию. 283, 285-б.)

Сонымен, Шоқан айтқан қазақтың таза һәм толық әдебиетінде сақталған біртұтастықты білдіретін бейне біздің арғы ата-бабаларымызда ғылым болғанын, оның нақты ғылыми атауға да ие екендігін растайды. Сол ғылымның атауын Абай сөзі жеткізген: «Бас қосылса Арысқа, кім шабады намысқа»? Абайдағы Арыс – ғалымдардың бас қосатын ғылыми кеңестің есім-сойы.

Үш Арыс – біртұтас ғылым. Арыстың ғылым атауы екендігін арғы римдіктерден дәлел сыналық: «Ars una species mille» – ғылым біртұтас, оның тармағы көп, біздегі Үш анық, Үш сую, Үш жүз, Үш би сияқты.

Ата заңда аталған біртұтас мемлекеттік биліктің сот тармағы да үштіктен құралады: сот төрелігі, сот әкімшілігі, сот ғылымы.

Соттың ғылыми зерттеу орталығы болып қалыптасқандығы жайлы және судья ғалым

болуы тиістілігі туралы дерек 1519–1594 жылғы Төре Бітігінде (351, 353-беттер) бар. Төре Бітіктің судья толымды, білімді ғалым болуға тиісті деген талабы Абайдың 45-сөзіндегі «әркім ғылыми қызмет субъектісі болып танылады» деген тұжырымымен сәйкес келеді.

Абайдың адамға берген аккредитациясы: «Адамшылықтың алды – махаббат, ғадалат, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. Айғыр биеге ие болмақта да махаббат пен сезім бар. Бұл ғадалат, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп».

Біздің заманның тілінде: «Көзбен көру» – практика, тіршілік; «ақылмен білу» – теория; «сезім» – интеллектуалдық интуиция. Абай танымында – адам болмысы әуел бастан ғылыми қызмет субъектісі болып жаратылған.

Абай Үндістан тарапынан шыққандарды ғылымға ертерек үйір болды десе, Шоқан қазақтың бай, көркем, дамыған ауыз әдебиетінің индогерман эпосына жақындығы басым, осы тақылеттес шығыс шайырларының туындыларына қарағанда дейді. Шоқан сөзінде сот ғылымын динамикалық біртұтастыққа жетелейтін бірегей үшкіл бар: қазақ, батыс, шығыс.

Сот ғылымы да үш тармақтан құралады: сот мектебі, сот колледжі, сот академиясы. Үшеуінің де оқу бағдарламасының әліппесі, негізі, мәні, сүйегі – қазақ ауыз әдебиеті! Осы ілгерілеу үштігінің сынынан түзу өткен адам ғана судьялық лауазымға сайлану мақсатында конкурстық комиссияға өтініш беру мүмкіндігіне ие болады.

Сөз басында келтірілген Шоқанның қазақ халқын ғалами ғылымды игеруді міндеттеген талабына сай Абай да біртұтас ғалами ғылымды зерделеп, құмар болып, ғибратланушыларға тыйым жоқ деп үн қосады. Адамспай тура ізденген Шоқан мен Абай ұсынып отырған ғылыми жол – Қазақ елінің мемлекеттік билігінің біртұтастығын қапысыз қамтамасыз етер құқықтық қазық.

Марат АЗБАНБАЕВ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Алматы қаласында елдің заң саласындағы сауатын көтеруге үлесін қосып жүрген, азаматтық қоғам үшін ең маңызды іс-шаралардың бірі болып табылатын — «Халық заңгері» республикалық акциясы өз жалғасын тапты. Бұл дәстүрлі акция қоғамның құқықтық сауаттылығын арттыру, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын қорғауға қолдау көрсету мақсатында өткізіледі.

басылар, зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, студенттер, жеке кәсіпкерлер және жұмыссыз азаматтар көптеп кездесті. Олардың әрқайсысы өз сұрағын ортаға салып, жеке құқықтарын қорғау жолдарын, құжат рәсімдеу тәртібін, сотқа дейінгі шешім қабылдау жолдарын

және мемлекеттік органдармен жұмыс істеудің заңды тетіктерін нақты түсінуге мүмкіндік алды.

Шараның мұндай форматта өтуі — шараның тиімділігін көрсетеді. Қала тұрғындары үшін бұл тек ақпарат алу ғана емес, мемлекеттік жүйенің жұмысын өз көзімен көру, сенімділік орнату және мемлекетке деген үміт пен сенімді арттыру. 2016 жылдан бері еліміздің әр өңірінде ұйымдастырылып келе жатқан «Халық заңгері» акциясы өзінің тиімділігін дәлелдеп үлгерді. Осы жылдар аралығында 10 000-нан астам заң сарапшысы мен мемлекеттік орган өкілі жобаға қатысып, 300 000-нан астам қазақстандық тегін заңгерлік көмекке ие болды.

Жыл сайын бұл көрсеткіш артып келеді. Бұл — халықтың құқықтық сауаттылығы мен өз құқығын қорғауға деген ұмтылысының артқанының белгісі. Сондай-ақ, бұл үрдіс мемлекеттік органдар тарапынан ашықтық пен жауапкершіліктің артуына, қоғам мен билік арасындағы сенімді қарым-қатынастың дамуына жол ашып отыр.

Іс-шараны ұйымдастырушылар қатарында еліміздегі беделді құрылымдар бар. Атап айтқанда, акцияны Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Zakon.kz интернет-басылымы, «Параграф» ақпараттық жүйесі және Әділет министрлігі бірлесе отырып өткізді.



Игі шара «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету жөніндегі тұжырымдама аясында ұйымдастырылып, барша қала тұрғындарына ашық әрі қолжетімді құқықтық көмек көрсетуге бағытталды. Ақымды акция барысында азаматтар білікті заңгерлер мен адвокаттардан, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өкілдерінен тегін заңгерлік кеңес ала алды. Акцияға 100-ден астам кәсіби заңгер мен адвокат, шамамен 40 мемлекеттік органның мамандары қатысып, қала тұрғындарының сауалдарына тікелей жауап берді. Бұл — халық пен билік арасындағы диалогтың нақты көрінісі.

Қала тұрғындарының көтерген мәселелері банк және салық жүйесі, тұрғын үй қатынастары, жер мәселелері, қала құрылысы, мүлікті заңдастыру, мұрагерлік және басқа да әлеуметтік маңызы бар салаларға қатысты болды. Заң кеңесіне жүгінгендердің арасында жас от-

Сіз не дейсіз?

Дарын Ашимбаев, заңгер:

— «Халық заңгері» — бұл жай ғана шара емес, азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған нақты қадам. Қаниама азамат құқықтық қарым-қатынастарға түскенде өз құқықтарының бұзылғанын сезсе де, оларды қалай қорғайтынын білмейді. Осындай кезде дұрыс бағыт пен нақты кеңес ауадай қажет. Бұл акцияның ең басты ерекшелігі — әрбір адам өз сұрағына толыққанды, түсінікті жауап ала алады. Себебі, барлық мемлекеттік органдар мен заңгерлер бір жерде жиналып, жан-жақты құқықтық кеңес береді. Мұндай формат — бұзылған құқықтарды қалпына келтіру жолындағы нақты құрал. Сонымен қатар, бұл құқықтық мемлекет құру жолында жасалып жатқан нақты әрі тиімді әрекет деп санаймын. Жастар мен азаматтарға кеңесім — Конституцияны жиі оқып тұру. Қайда барсаңыз да, өзіңізбен бірге Конституцияны алып жүруге кеңес беремін. Ол сіздің ең сенімді қорғаныңыз.

Айдана Дузелбай, Алматы қаласы Әділет департаментінің бас маманы:

— Менің ойымша, бұл акцияның басты мақсаты — азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қоғам мен құқық қорғау органдары арасындағы байланысты нығайту және заң үстемдігін қамтамасыз ету идеясын насихаттау болды. Бұл шара халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, заң талаптарын сақтау жөніндегі түсінігін кеңейтуге бағытталған.

Мұндай іс-шаралар қоғам үшін өте маңызды. Біріншіден, олар азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс түсінуіне көмектеседі. Екіншіден, құқық қорғау органдарына деген сенімді арттырады. Үшіншіден, құқық бұзушылықтың алдын алуға әсер етіп, заңды бұзудан сақтандырушы құрал ретінде қызмет етеді.

Барлық азаматтарға айтар кеңесім: Конституция мен негізгі заңдарды оқып үйреніңіздер, құқықтық семинарлар мен тренинстерге қатысқан-дарыңыз жөн. Сенімді дереккөздерден ақпарат

алып, өз құқығыңызды қорғаудан қорықпаңыз. Қажет болған жағдайда білікті заңгерлерге жүгіну-ден тартынбаңыздар.

Әсел, қатысушы:

— Шынымды айтсам, осындай тегін заңгерлік көмек болады деп ойламаптын. Әдетте заңгерге бару қымбат, әрі бәрін түсіндіре бермейді. Бұл шарада бәрі түсінікті, нақты болды — сұрағыма бірден жауап алып, заңды тұрғыда не істеу керектігін біліп шықтым. Маған жер теліміне байланысты сұрақ бойынша кеңес қажет болды. Бұған дейін қайда барып, кімнен сұрағымды білмей жүрген едім. Мұнда бірден дұрыс бағыт көрсетті.

Ең бастысы — заңгерлер мен мемлекеттік орган мамандары бір жерде, бәрі қолжетімді. Осындай акциялар жиі өтіп тұрса екен. Әсіресе қарапайым халық үшін, зейнеткерлер, көпбалалы аналар мен жастар үшін бұл — өте пайдалы. Өз құқығыңды білу — тек білім емес, бұл өзіңді қорғаудың жолы екенін түсіндім.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

КЕМЕҢГЕР

Абай Құнанбайұлы өз заманында заңгер, халықтың әдет-ғұрып заңдарын түптеп білген би болған. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы қазақ арасынан шыққан әйгілі қайраткер, ел билеуші болды.

АҚЫН МҰРАСЫ — АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ АЗЫҒЫ

Абайдың дарынды тұлға болып қалыптасуына, зерек болып өсуіне беделді әулеті бар жағдайды туғызып, мінезін қалыптастырды. Ол әкесінің баулуымен билікке араласып, болыс, алқалы жиында төбе би болады. Құнанбайдың әкесі Өскенбай Тобықты руына би болған, хат таныған адам. Халық Өскенбайды «өте әділ болған» деседі. Діншіл адам болған. Пара алуды, пара беруді, өтірік айтып, ұрлық қылуды, адамға табынуды жек көрген. Өскенбайды іздеп келген адамдардың дауларын Құнанбай тыңдап, әділ билік айтады, оған екі жағы да риза болып қайтады екен. «Ісің ақ болса, Өскенбайға бар» деген халық аузында аңыз бар. Осындай ата-баба тәлімін алған Абайдың осал болмайтыны түсінікті.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты кемеңгер ақынның туғанына 180 жыл толуына орай, шығармашылығын дәріптеу мақсатында бірнеше шара өткізді. Соның бірі, жуырда әкімшілік сотында ақынның шығармашылығына деген қызығушылықты арттыру және қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мақсатында викториналық сайыс ұйымдастырды. Сайыс судьялар мен мамандардың арасында ақынның шығармаларын насихаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқу, қара сөздерінің мән-мағынасын ашу бойынша көрнекі құралдарды пайдалана отырып өткізілді. Қатысушылар түрлі



Айгүл АБДУЛЛИНА,
Ақтөбе облысы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының төрағасы

бағыттағы логикалық, танымдық сұрақтарға жауап беріп, білімдерін сынады және ақынның дүниетанымын кеңінен таныды.

Абайдың мұрасы бүкіл адамзат баласының рухани азығы болары сөзсіз. Абайды тану арқылы біз Қазақстанды әлемге таныта аламыз.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

КОЛОНИЯДАҒЫ МЕРЕКЕ

Алматыда балалар колониясындағы жасөспірімдердің асыға күтетін мерекелерінің бірі — Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл мереке кезінде «Ашық есік күні» ұйымдастырылып, жасөспірімдер ата-ана, туған-туыстарымен қауышады. Биыл да олар жақындарымен жүздесіп, мереке күнінің қуанышын бірге бөлісті.

ҚАЖД бастығының орынбасары А. Аманжолов мерекені құттықтау сөзбен ашып, жасөспірімдердің тезірек бостандыққа шығып, өздері қалаған мамандық иесі болуларына тілек білдірді.

Сонымен қатар мерекеге Алматы қаласы бойынша ҚАЖД Ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Сағалбаев, ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Алматы қаласы бойынша өкілі Қ. Малдыбаев және Алматы қаласы бойынша Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы С. Елькеев, Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша Қоғамдық-бақылау комиссиясының төрағасы А. Жанабилова, наيب имам А.Қойшыбаев және ҚАЗ саласының ардагерлері қатысып, жазалы балаларға жарқын болашақ тіледі. Е.Сағалбаев балаларға Ардагерлер кеңесінің атынан кір жуатын машина сыйға тартты.

Мереке соңында Қарасай ауданы Райымбек ауылының



«Дариға-ай дәурен» ардагерлер ұйымының ансамблі концерт қойса, әнші Ахан Еркебулан ән шырқады. Балалар скрипкашы Шынар Барлықова орындаған сазды әуендер ырғағымен би билеп, мереке сәнін келтірді.
Балалар мерекесінде Ал-

маты орталық мешітінің ұйымдастыруымен жазалы жасөспірімдер үшін мерекелік дастарқан жайылып, мерекеге атсалысқан қонақтарға департамент бастығының орынбасары А. Аманжолов алғыс хаттар табыстады.

Г. МАҒЗУМОВА

ТАЛҚЫ

Үкімет әзірлеген жаңа Салық кодексі жобасын Мәжіліс екінші оқылымда қабылдады. Құжаттың бұдан әрі Сенатқа баратыны белгілі. Жаңа салық кодексінде өзгеріс жетерлік. Бұған қатысты кейбіреулер назар аудармаса да, екінші бір тарап өз алаңдауын жеткізуде.

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ: ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?

Жаңа құжаттағы жаңалыққа үңілесек. Енді жылжымайтын мүлік құны 450 млн, ал астындағы көлігінің бағасы 75 млн теңгеден асатындар алдағы уақытта қосымша салық төлеуі мүмкін. Оған себеп – Үкіметтің жаңа Салық кодексіне «сән-салтанат» салығын енгізуді ұсынуы. Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Мәжіліс отырысында «Біз «сән-салтанат салығы» деп аталатын тауарлардың жекелеген санаттарына жоғары салық салуды ұсынамыз» деген болатын. Оның



...енді жылдық айналымы 40 млн теңгеден асатын кәсіпкерлер қосылған құн салығын төлеуге міндеттеліп отыр. Бұл – Қазақстанда салық төлейтін кәсіпкер саны артады деген сөз. Осы жерде алаңдайтын жайт, алдағы жылы қосымша құн салығы мөлшерлемесі көтерілсе, елде тауарлар бағасы өседі деген болжам бар.

сөзінше, 450 млн теңгеден асатын үйі бар азаматтардың төлейтін мүлік салығы өседі. 75 млн теңгенің автокөлігі, қымбат яхта мен жеке ұшақтарға акциз енгізілмек.

Үкіметтің жаңа кодексінде құптайтын бір қадам – қымбат алкоголь мен темекіге 10 пайыз акциз салу ұсынысы. Бұған қыздырылатын темекі мен энергетикалық сусындар да кіріп отыр. Кейінгі жылдары Қазақстанда энергетикалық сусындарды тұтынушылардың көбейгені, соның ішінде жастардың мұндай өнімге тәуелді болғаны өтірік емес.

Мұндағы басты жаңалық – Мәжіліс депутаттарының жаңа Салық кодексі мен салық салу мәселелері бойынша ілесіп түзетулерді талқылағанда қосылған құн салығының мөлшерлемесін 16 пайыз етіп белгілеуі. Жаңа заң жобасында қосылған құн салығы қазіргі 12 пайыздан 16 пайызға көтерілмек. Ол бойынша міндетті тіркеу шегі қазіргі 78,6 млн теңгеден 40 млн теңгеге дейін қысқарады. Яғни, енді жылдық айналымы 40 млн теңгеден асатын кәсіпкерлер қосылған құн салығын төлеуге міндеттеліп отыр. Бұл – Қазақстанда салық төлейтін кәсіпкер саны артады деген сөз. Осы жерде алаңдайтын жайт, алдағы жылы қосымша құн салығы мөлшерлемесі көтерілсе, елде тауарлар бағасы өседі деген болжам бар.

Кодексте әлеуметтік саланы қолдауға қатысты өзгерістер бар. Айталық, дәрілік заттар мен медициналық қызметтерге қатысты қосылған құн салығының төмендетілген мөлшерлемесі енгізілген. Ол 2026 жылдан бастап – 5, 2027 жылдан бастап – 10 пайыз болмақ. Соның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, міндетті меди-

циналық сақтандыру, сирек кездесетін және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеуде тауарлар мен қызметтерге қосылған құн салығы төленбейді. Екіншіден, мүгедектігі бар адамға арналған әлеуметтік салық шегерімі 5 мың АЕК-ке дейін ұлғаяды. Мұнан бөлек, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары мен отандық басылымдарды, баспа түріндегі кітаптарды басып шығару қызметтерін ҚҚС төлеуден босату жоспарланған.

Құжаттағы тағы бір өзгеріс – елдегі жоғары табыс табатындар салықты да көп төлейді. Яғни, азаматтар жоғары табыс тапса, көп салық төлемек. Жаңа Салық кодексінде жеке табыс салығына дифференциалды мөлшерлеме енгізіледі. Айта кету керек, қазір жалақыны қанша көлемде алсаң да жеке табыс салығы – 10 пайыз.

Жалпы корпоративтік табыс салығы мен жеке табыс салығына қатысты нақты өзгерістер болады. Жаңа кодекс қабылданса, бір жылда 8500 АЕК-тен асатын айлық алатындар 15 пайыз жеке табыс салығын төлеуге міндеттелмек. Биыл 1 АЕК 3 932 теңге болып белгіленген. Сонда жылына 33,4 млн, айына 2 млн 780 мың теңге айлық алатындар 10 пайыз салық төлейді екен. Алдағы уақытта егер жылдық табысы 33,4 млн теңгеден асса, осы сомандан 15 пайыз салық төлеуі тиіс. Сонымен қатар, банк секторы мен ойын бизнесіне салынатын корпоративтік табыс салығының мөлшері 25 пайызға дейін көбейеді. Бірақ кәсіпкерлік субъектілерін несиелеу бойынша табыс табатын банктерге бұл мөлшерлеме 20 пайыз деңгейінде сақталады.

Ұлттық экономика министрінің

орынбасары Азамат Әмриннің айтуынша, Қазақстанда 3 млн теңгеден жоғары айлық алатын адамдар 26 мыңнан асады. Жалпы салық декларациясы деректеріне сәйкес,

айына 3 млн теңгеден асатын жалақы алатын 26,7 мыңнан аса жалдамалы қызметкер бар.

Үлкен компаниялардан қомақты дивиденд алатын акционерлер салық төлейді. Мысалы, 1 млрд теңгеге дейін дивиденд алса, оның 5 пайызын қазынаға құяды. Егер 1 млрд теңгеден көп дивиденд түссе, онда 15 пайыз салық төлеуі тиіс. Бұл ретте бейрезиденттер де кірісінен салық төлейді. 60 мың АЕК-ке дейін, яғни 2,4 млрд теңгеге дейін кірісі барлар 10, одан асса 17 пайыз салық төлейді. Сонымен қатар, құжатта ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімсіз пайдаланған жағдайда жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесі 100 есеге дейін көтерілетіні көрсетілген.

Жалпы осы реформа салық жүйесін жеңілдетуге бағытталған бірқатар негізгі өзгерістерді нақты енгізуді көздейді. Нақтырақ айтсақ, салық есептілігін – 30, салық санын 20 пайызға қысқарту, салық жеңілдіктерін оңтайландыру, сараланған мөлшерлемелерді енгізу, инвестициялық белсенділікті ынталандыру, сән-салтанат заттарына жүктемелі арттыру және басқа да бірқатар өзекті мәселелерді қамтып отыр.

Үкіметтің болжамынша, қосылған құн салығының базалық мөлшерлемесін 16 пайызға дейін көтеру арқылы бюджет артады. Есеп бойынша осы өзгеріспен жыл сайын бюджетке қосымша 3 трлн теңге көлемінде кіріс кіреді. Ал түскен қаражат әлеуметтік бағдарламалар мен инфрақұрылым мен денсаулық сақтау салаларына жұмсалмақ. Мемлекеттің ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегі 40 млн теңгеге дейін көтерілсе, табысы осы сомандан аспайтын кәсіпкер ҚҚС төлеуден босатылатынын жоғарыда айттық. Сарапшылар мұндай қадамның ауылдағы шағын дүкендер мен халыққа қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлер үшін тиімді болатынын айтып отыр.

Шернияз ЖАЛФАСБЕКҰЛЫ

ТОПЖАРҒАН

ДАЛА ЗАҢГЕРІ

Абай Құнанбаев 15 жасынан сот талқылауларына қатыса бастағаны мәлім. 20 жасында от ауызды, орақ тілді шешен және дала әдет-ғұрыптарын жетік білетін ділмар атанды. Кейіннен көп жылдар бойы би болып, болыс қызметін атқарды.

Би ретінде істі қарау кезінде Абайдың әдет-ғұрып, адам құқығын жетік білетіні аңғарылатын, ол істі егжей-тегжейлі қарауға және оған әділ төрелік айтуға тырысты.

«Абай билердің шартты түрде сайланбай, талантымен бағаланатын ескі заңы кезінде өмір сүрсе, – деп жазды Ә.Бөкейханов, – артистер мен жазушылардың даңқы сияқты атақты би атанар еді. Ислам дінінің далаға орнығуының пайда-зиянына орай жаңа заманның талабымен Абай білімге ден қойып, араб, парсы, түркі тілдерін кітап арқылы үйренеді. Табандылығы мен бейімділігінің нәтижесінде өз бетімен араб, парсы тілдерін еркін меңгеріп, қасиетті біліммен сусындады».

Абай өз заманында заң шығарушы ретінде де танымал болды. Демократ, жаңашыл ақын әдет-ғұрып құқығы реформасының жобасын ұсынды. Оны Орта жүздің барлық ру басылары қолдады. Сол уақытта халық арасында айтыс-тартыс жиілеп кеткен болатын, сондықтан Ресей империясының заңдарына және билер сотының жұмысына қайшы келмейтін нормаларды қабылдау өзекті болды. Осыған орай, патшалық биліктің өкілдері билер съездерінде көпшілік дауыспен ережелер қабылдатқызып, оларды дала құқығының бір қайнар көзі болып табылуына әсер етті. Қазақ құқығының патриархы академик С.Зиманов жетекшілік еткен зерттеу жобасының орындаушылары бір ғана қазақ және орыс тілдерінде жазба мәтінде ережені тапты.

Ол 1885 жылы Шар өзені бойындағы Қарамола деген жерде өткен төтенше билер съезінде бірауыздан қабылданды («Шар ережесі» аталу себебі осыдан). Бұл құжаттың екінші атауы – Қарамола жарғысы («Қарамола ережесі»), сондай-ақ, кейбір орыс тілді басылымдарда ол қарапайым қазақтарға арналған кодекс ретінде келтіріледі. Құқық тарихын белгілі зерттеуші Ш.Андабеков архив-

тен алынған мәтінге сүйеніп, бұл құқық ескерткішін «Қарамола ережесі» деп атауды жөн көреді. Қарамола ережесінің әзірлеушілердің бірі Абай Құнанбаев екенін белгілі ғылым Қ.Дәуітәлиев жан-жақты қарастырып дәлелдеген.

Абай құрастырған ереже 74 баптан тұрады (1993 жылда «Абай» журналының №1 санында басылған нұсқасында 73 бап), ол қазақ халқының арасындағы қылмысты болдырмауға бағытталған.

Бұл әдет-ғұрып құқығы ескерткіші егжей-тегжейлі талдау жасауды қажет етеді. Өйтсе де оның бірқатар маңызды тұстарына тоқталуға болады. Жетінші бапта дауды қарау орнын белгілеуді келісу үшін екі басқа уездерге тиесілі әдет-ғұрып құқығы бойынша тараптардың құқығы танылды. Әдет-ғұрып құқығының бұл ережесі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы мемлекеттік сотқа қарағанда, даудың қаралатын жері туралы және тіпті дау негізге алына отырып қаралатын құқық туралы тараптардың келісу мүмкіндігін көздейтін қазіргі заманғы аралық соттар мен халықаралық төрелік қағидаттарына жақын.

Жалпы, Абай әзірлеген құқықтық құжаттың келтірілген және басқа да көптеген ережелері қоғамдық қатынастарды реттеу, әдет-ғұрып құқығы мен Ресей заңнамасының жекелеген нормаларын синтездеу бойынша кешенді міндеттерді шешуге, сондай-ақ халықтың әділеттілігі туралы адамгершілік нормалар мен түсініктердің әлеуетін құқықтық реттеуге тартуға ықпал етті.

Абайдың сол заманда қолданыста болған заңдарды зерделейтін және оның шынғармаларындағы ол жөніндегі сыни көзқарасы, сол тұстағы істің жағдайын өзгерту туралы ұсыныстарымен ұштасып жатыр.

Жанар ИСАНАЛИНА,
Ақтөбе қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы

АЙМАҚ АҚПАРАТ

СПОРТТЫ ДАМУ – САЛАУАТТЫ ӨМІР

Бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Қазіргі таңда облыста халықтың дене белсенділігін арттыру мақсатында 600-ден астам спорт нысаны жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар, бірнеше ауданда жаңа спорттық инфрақұрылымдардың құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше, өңірде 1 стадион, 25 спорт кешені, 12 жүзу бассейні, 75 шағын хоккей корты, 1 ату тирі, 1 теннис корты, 7 ипподром және 488 алаң, олардың қатарында шағын футбол, спорттық және воркаут алаңдары тұрғындардың денсаулығын нығайтуға және бос уақыттарын тиімді әрі пайдалы өткізуі үшін жабықталған.

Абай облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

ӘУЕ РЕЙСТЕРІ КӨБЕЙДІ

Енді жергілікті тұрғындар Алматы, Астана қалаларына сабылмай алыс-жақын шетелдерге халықаралық Шымкент әуежайынан ұша алады. SCAT компаниясы тағы да бірнеше бағытқа әуе рейсін ашты. Жолаушылар Азия, Еуропа елдеріне тікелей қатынай алады. Халықаралық Шымкент әуежайынан 5 елдің 7 қаласына, яғни Мажарстан, Германия, Корея, Қытай және Египетке тікелей рейспен ұшуға мүмкіндік бар. Алғашқы рейс Мюнхен мен Будапешт бағытына ұшады.

Әуе рейстерінің ашылуы Шымкентке келетін туристердің артуына тікелей әсер етеді. Қазіргі таңда SCAT әуекомпаниясында 37 ұшақ бар. Оның 22-сі ішкі қатынасты қамтамасыз етсе, қалған 15 ұшақ шет мемлекеттерге қатынайды.

Шымкент қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ТАРИХҚА ҚҰРМЕТ

Алматы әкімі Дархан Сатыбалды 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу рәсіміне қатысып, 1931–1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоғын қойды.

Қарағайлы скверінде өткен еске алу іс-шарасына қоғам қайраткерлері, қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтары, сондай-ақ қаладағы жастар ұйымдарының өкілдері қатысты. «Бүгін біз қуғын-сүргін мен ашаршылық кезінде қаза тапқан ата-бабалардың рухы алдында адами және азаматтық борышымызды өтеу үшін жиналды. Бір минуттық үнсіздік – есте сақтаудың, құрметтің және сабақ алудың белгісі. Біздің міндетіміз – өткеннің ауыр кезеңдерін есте сақтай отырып, бүгінгі бірлік пен бейбітшілікті бекемдеу», – деді Дархан Сатыбалды.

Рәсімге қатысушылар саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алып, мемориалға гүл шоқтарын қойды.

Іс-шараның ресми бөлігі аяқталған соң Алматы әкімі қалалық мәслихат депутаттарымен және қоғам өкілдерімен әңгімелесті.

Алматы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

БІЛГЕН ЖӨН

АТҚАРУ ПАРАҒЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ МЕН ЖОЛДАНУ РЕТІ



А. ТЛЕГЕНОВА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің бас маманы сот отырысының хатшысы

Сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап немесе істі жоғары тұрған соттан «Төрелік» АЖ арқылы қайтарылған күннен бастап 3 жұмыс күннің ішінде атқару парағы жазылып, жолдануға тиіс.

Қазіргі таңда соттар атқару парақтарын тікелей мемлекеттік немесе жеке сот орындаушыларға электрондық түрде жіберу механизмі жүзеге асырылуда. Атқарушылық құжаттарды өндіріп алу бойынша тиісті өңірлік бөлім орындайды, сондай-ақ өндіріп алушыдан арыз түскен жағдайда атқарушылық құжатты арызда тікелей көрсетілген жеке сот орындаушыға жіберу мүмкіндігі қарастырылған.

Азаматтар сотқа атқарушылық құжаттарды орындауға жіберу ту-

ралы арызды «Сот кабинеті» сервисінің «Сот ісін жүргізу» бөлімі арқылы электрондық құжат нысанында жібере алады. Осы жаңалықтарды іске асырудың нәтижесінде қағаз жүзінде ұсынуға кететін уақыт қысқара түсті. Бұл құжаттардың барлығы электрондық түрде рәсімделетіндіктен, атқарушылық құжат жоғалмайды, заманауи технологияларды қолдану халықтың сот жүйесіне деген қолжетімділігін арттырады. Сонымен қатар «Сот кабинеті» сервисінің пайдаланушылары құжаттардың орындалғаны туралы хабар алып отырады.

Бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтірудің маңызды кепілі болып табылатын сот актілерін жедел әрі тиісінше орындауға мүмкіндік береді. Сот төрелігін жүзеге асырудың түпкі нәтижесінің бірі осында.



WORLD SKILLS ASTANA-2025: ЧЕМПИОНАТ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайында «WorldSkills Astana-2025» кәсіби шеберлік чемпионаты салтанатты түрде жабылды. Осы жылы аталған байқауда 350 қатысушы үздік атануға барын салды. Сонымен қатар, 250-ден астам сарапшы 50 кәсіби құзыреттілік бойынша көшбасшыларды анықтаған болатын.

Халықаралық деңгейдегі WorldSkills чемпионатын 4 мыңнан астам қонақ келіп тамашалады. Олардың қатарында әлеуметтік серіктестер, жұмыс берушілер, бизнес-қоғамдастықтың жетекшілері, қоғамдық қор өкілдері, мектеп оқушылары мен ата-аналар қауымдастығының мүшелері болды.

16 мамыр күні басталған байқау шартымен 15 күн бойы колледждердің 15 алаңында кәсіби құзыреттіліктер бойынша жеңімпаздар анықталды. Байқауға қатысушылар прототип жасау, мейрамхана қызметі, дәнекерлеу, графикалық дизайн, мобильді робототехника, мобилография, интернет-маркетинг және т.б. салаларда өз жетістіктерін көрсетті. Мұнан бөлек, құрылыс және инженерия саласындағы кірпіш қалау, гипсокартон және сылақ, плитка төсеу, электр монтаждау, сантехника және жылумен жабдықтау, ағаш ұстасы, темір жол көлігін басқару, электровоз басқару сияқты үздік кәсіп иелері анықталды. Ал өнеркәсіп және механика бойынша дәнекерлеу технологиялары, токарлық және фрезерлік жұмыстар, кузов жөндеу сынды кәсіп

иелері де бақ сынасқан. Сарапшылар тарапынан көлік жөндеу және техникалық қызмет, ақпараттық кабель желілері, жолаушылар вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету саласы да бағаланды.

Бұл қатарда IT және цифрлық технологиядағы желілік және жүйелік әкімшілендіру, бұлтты бағдарламау, веб-технологиялар, графикалық дизайн, интернет-маркетинг, бизнеске арналған IT шешімдер, мобильді қосымшалар әзірлеу, компьютерлік ойындарды 3D модельдеу, мобильді фотосурет, видеомонтаж жұмыстары да бар. Қызмет көрсету және шығармашылық сала да тыс қалмады. Мейрамхана қызметі, аспаздық және кондитерлік өнімдер, наубайхана, шаштараз, сән технологиясы, қонақ үй қабылдаушысы, флористика жұмыстары сарапшыларға ұсынылды. Кәсіпкерлік қызметтен бөлек, білім беру және әлеуметтік кәсіп бойынша жұмыстар көрсетілді.

Астанадағы Құрылыс-техникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері Гүлзада Елубаеваның айтуынша, бүгінде жастардың білікті еңбек адамы атануға қызығушылығы мол.



«Бүгінгі чемпионат жастардың білімі сыналатын алаң ғана емес, жұмысшы мамандықтары бойынша жан-жақты шыңдалуға, жаңа орта табуға таптырмас мүмкіндік деп әбден сенемін. Осыған дейін біздің студенттер қалалық кезеңнің жеңімпазы атанып, республикалық деңгейде бақ сынады. Чемпионатқа қатысып жатқан студенттеріміз біршама уақыт дайындап, теория мен практиканы қатар оқыттым. Қажетті құрал-саймандарды дұрыс қолдану, қабырға бетіне гипс сылақтарды орнату, сызбаларды түсіну сынды дағдыларды олар жақсы меңгерген. Қазір сабақ оқумен бірге, жұмысқа араласып, 250 мыңнан жоғары жалақы алып,

тәп-тәуір маман атанып келеді. Өз басым, жас буынның такси не тамақ өнімдерін жеткізуші емес, нақты бір саланың маманы болғанын артық көремін. Біздің студенттерге еңбек нарығында жұмыс табылары анық. Біз де барынша қолдау білдіріп, бар білгенімізді үйретуден танбаймыз», – дейді ол.

Айтпақшы, «WorldSkills Asta-

на-2025» қалалық чемпионаты аясында мүмкіндігі шектеулі білім алушылар арасында кәсіби шеберлік бойынша Abilympics, есту қабілеті бұзылған білім алушылар арасында Deafskills және мектеп оқушылары арасында Jasskills чемпионаттары да өтті. Бұған қоса кәсіби білім беруді дамытуға, жұмысшы мамандықтарды насихаттауға және кадрларды даярлау жүйесіне инновациялық технологияларды енгізуге бағытталған «100 бейінді сынып» жобасы аясында өткен мектеп оқушыларының слеті болды. Слет 8 бағытты қамтыды. Яғни, сервистік қызмет, дизайн, тігін өндірісі, теміржол көлігі, IT, педагогикалық бағыт және медицина бағы-

тында ұйымдастырылды. Сондай-ақ еліміздің үздік кондитерлерін жинаған «CHOCOLATINE KAZAKHSTAN – 2025» республикалық чемпионаты өткізілді. Бұған қоса, колледждер базасында әлеуметтік серіктестермен бірлесіп экскурсиялар мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, қатысушылар заманауи оқу және кәсіптік даярлық жағдайлармен жақын танысу мүмкіндігіне ие болды.

Байқау соңында үздіктер алтын, күміс, қола медальдармен және құрмет медальондарымен марапатталып, X қалалық «WorldSkills Astana-2025» чемпионатының жеңімпазы атанды. Енді олар «WorldSkills Kazakhstan-2025» Ұлттық чемпионатына қатысатын болады.

Айта кетейік, «WorldSkills» халықаралық қозғалысының басты мақсаты – жастар арасында жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру және кәсіби дағдыларды дамыту. Біздің еліміз 2014 жылы жаһандық қауымдастыққа енген бойда 2015 жылы Астанада бірінші қалалық чемпионат өтті. Осы он жыл ішінде «WorldSkills Astana» ауқымды жобаға айналып үлгерді. Байқаудың маңыздылығы сол, мұнда жұмысшы мамандарының беделін арттыру, еңбек адамының имиджін насихаттау және жастардың кәсіби білігін шыңдау көзделіп отыр. Бұған қоса жоба колледж түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және оларды жұмыспен қамту, мектеп оқушыларының сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарды таңдауына бағытталған кәсіби бағдар алуында үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар, әлеуметтік серіктестер жұмыс берушілермен іскерлік байланысты нығайтуға ықпал етуде.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

6. «Golden Time Family» ЖШС (БСН 190240034197) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Рысқұлбеков көшесі, 34-үй.

7. ЖШС «МФ Ломбард» (БСН 2007400031485) көрсетілетін қызметті берушіге өз еркімен тарату туралы ерікті түрде жүгінуіне байланысты микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуы тоқтатылғаны туралы хабарлайды. Шағым Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, М. Ғабдуллин көшесі, 79-үй, 31-пәтер мекенжайы бойынша жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Тел.: +77015166143.

9. «BakStroy» ЖШС (БСН 170740033565) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қарақозы Әбдалиев ауылдық округі, Рабат ауылы, Қ.Абдалиев көшесі, 31-үй, пошта индексі 160300.

11. «Arya Stroy» ЖШС (БСН 221240001022) ҚР, Астана қаласы, Нұра ауданы, Күлтегін көшесі, 19/1 ғимарат, 164-п, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 47/2, 602-кеңсе бойынша қабылданады, тел. +77715166301.

13. «serene (сэрин)» ЖШС (БСН 220540012774) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Розыбакиев көшесі, 237-үй, 113-пәтер, тел. +77476808164.

14. «Union Kit» ЖШС (БСН 141240018654) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Дінмұхамед Қонаев даңғылы, 39-үй, 65-пәтер, тел. 87011603000.

ӨРТУРА

3. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері

(дүйсенбі-жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды. Анықтамаға арналған телефоны: +7 702 321 86 86. Лиц. 01.21.00099Л.

4. «Interoil Group» ЖШС-і (БСН 200940011049) «Evooil Kazakhstan» ЖШС-н (БСН 141040012473) қосу жолымен өзінің қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Еділ Ерғожин көшесі, 17а үй. Тел.+77761611118.

5. «Evooil Kazakhstan» ЖШС (БСН 141040012473) өзіне «Interoil Group» ЖШС-н (БСН 200940011049) қосу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Северная өнеркәсіптік аймағы, 28/1 ғимарат, тел.+77010273080.

8. «Крупы Востока КЗ» ЖШС (БСН 250140025851) Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 27-бабына сәйкес, Серіктестіктің жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Элеваторная көшесі, 2/12 үй.

12. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының №2 аудандық сотының өндірісінде «BT-Invest Group» ЖШС-нің Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігіне және Ботанов Самат Балтабақыұлына қарсы қозғалған азаматтық ісі қаралуда (іс №1941-25-00-2/265). Талап-арыздың мәні – жылжымалы мүлкті иесіз деп тану және оны меншік құқығы бойынша (иелену мерзіміне байланысты) талапкердің меншігі ретінде тану (FMC маркалы, 1993 жылы шығарылған, зауыттық №106 және №108 томат жинайтын комбайндар). Аталған азаматтық істі жан-жақты және бейтарап қарау мақсатында, талап-арыздың мәніне қатысы бар және/немесе істің дұрыс шешілуіне маңызды бар ақпаратқа ие барлық мүдделі тұлғалардан Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының №2 аудандық сотына хабарлауларыңызды сұраймыз. Сот отырысының хатшысы – Айтбай Жасұлан Еркінұлы, тел. 8-7277-62-52-10, канцелярия меңгерушісінің телефоны: 8-727-76-2-03-79.

15. «ТЛМ» ЖШС (БСН 110840002324) өзінің жарғылық капиталы сексен миллион бес жүз мың теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Радостовец көшесі, 152/6 312-қаб.

16. «Capital» Арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларға 2025 жылы 30 мамырда Серіктестіктің қатысушысы Серіктестіктің облигацияларын сату туралы шешім қабылдағаны жайлы хабарлайды. Облигациялардың түрі – дисконтты, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген. Шығарылымның тіркелген күні: 2025 жылғы «16» қаңтар. Шығарылған облигациялар саны – 25 000 (жиырма бес мың). Облигациялардың жалпы көлемі – 250 000 000 (екі жүз елу миллион) теңге. Егер сіз облигацияларды сатып алғыңыз келсе, өтінімдерді Серіктестіктің келесі электрондық поштасына жіберіңіз тоosfkapital@mail.ru немесе Серіктестіктің келесі мекенжайына жіберіңіз: Қазақстан Республикасы, 050000, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

17. Алматы қаласының Түркісіб аудандық соты, тұрғылықты жері Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі, 50-үй, 25-пәтер, аз. Машковцева Марина Сергеевнаның өтініші бойынша, Алматы қаласының тұрғылықты жері туралы туылған аз.Каменский Сергей Александровичті өлді деп жариялау туралы іс қаралуда. Аз. Каменский Сергей Александрович туралы мәліметтерді білетін кісілер болса, Түркісіб аудандық сотына, басылым шыққаннан кейін үш ай ішінде 8(727)3331370, 8(778)1270002 тел. арқылы, немесе аз. М.С. Машковцеваға 8(707)0032753 тел. арқылы хабарлауыңызды сұраймыз.

МҰРАҒЕРЛІК

2. 07.11.2024 ж. азаматша Майханова Айман Мукатаевна-ның қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлері нотариус М.С.Жанакулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келулерін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 139-үй, 82-пәтер, тел. 87059612201.

10. 2024 жылдың 5 желтоқсанында қайтыс болған азамат Жағпар Қанат Серікулының артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус Ж.А. Ташкеноваға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы Атырау қаласы, Әбілқайыр хан 51 А, блок Б, тел. 87751559787.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.
ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «TRade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы өткен санда)

Ол екеуіне үш ағайынды маза көрсетпейді. Қысып-қинап, мазак етіп әйтеуір әбігер етеді. Әсіресе, әскердің шет жағасына қанығып, өзінше орысша үйреніп келген үлкен ұл. Қоқан-лоқы жасаудан жалыққанда білетін орысшасын айтып, сөзбен қағытып: Мишка және Андрейге «держит хвост бодрей», – деп соған өзі жырылдап маз болатын. Екі інісі түсінісін-түсінібесін ағаларын қостап ыржалақтайды да қалады.

Екеуі шыдап бақты. Бұлар анда-санда тамақ немесе темекі бермей зығырларын шығарғанда, көздері қызарақтап, кек алғылары кеп-ақ тұрады. Бірақ, байқатпауға тырысатын. Өйтсе үш ағайынды өлтіруден тайынбайтынды. Қайта бұлардың кәрі шешелері ұлдары ұйықтап жатқанда тығып тамақ, жуынып-шайынып алындар деп сабын беріп тұратын-ды. Ал әкелері көңіл де аудармайды, томаға-тұйық қалпынан айныған емес. Ол үшін бұлардың бар жоғы тіптен маңызды емес. Андрей мен Мишаның түйгендері осы. Түннің бір уағында екеуі темекілерін орап отырып әңгімеге көшкен. Қайсыбір күндері шаруадан шаршағандары соншалық, әңгімелесуге шамалары келмей құлайтын.

– Осы біз өле-өлгенше өстіп жүрмекшіміз бе? Бұл үшеуі бізді құртып тынады, – деп сөз бастады Миша.

– Дұрыс айтасың. «Өзіңді өлтірмей тұрғанда, оны сен өлтір», – деген зонада нақыл бар еді ғой. Есінде ме? Қырып тастау керек, шетінен.

Екеуі темекіні будақтата сорып ойға батты.

– Бәрінде нең бар, басың істей ма? Шешесінің жақсылығы өтпей пе еді бізге. Ал әкелерінің мүлде шаруасы жоқ. Келіндері бала қарап үйден де шықпайды. Үшеуін қайқайтайық та, қараңызды батырайық.

– Мишка, неткен осал едің? Әкесіне ұнап жүргеніміз шамалы, ұлдары істемеген шаруаны біз тындырып жатсақ та, түтіп жеп қояйын деп жүр. Келіндерін анада көрдің емес пе, әсем келіншек қой, иә? Ол енді өз есебімізде. Шешелерін өлтірмесек те болады. Бірақ ол бейбақ күйіктен-ақ «о жаққа» аттанып кетеді ғой. Сондықтан оны да қинамай көзін жойған дұрыс сияқты.

Екеуі құдды бір қызықты тақырыпта ертегі айтып отырғандай елес береді.

– Қашан бастаймыз?
– Ертең, кеш батып бәрі ұйқыға кеткенде. Өлгі осында, біздің құжаттарды тексеруге келген болып, жағдайды аңдап жүрген Абылай деген мент те демалысқа кетіпті. Содан өлдерді әресі ұшады үшеуінің.

– Келістік.
Ертеңгілік күндегі күйбең тірлік қайта басталған. Ағаш жарып жатқан екі орыс жігіттің көңіл-күйлері кешегіндей емес, көтеріңкі. Бір-біріне әзіл айтысып, жұмысты ширақ атқарып жатқан. Андрейдің қолына жаңқа кіріп, ортаңғы қолы ісіп кетті. Өздеріне бей-жай қарамайтын кемпірге келіп, ымдап жүріп түйрегішін сұрап алды.

– Алда бейшара-ай, тікенек кіріп кетіпті ғой, – деп түйрегішін ұсынған.

– Қайта қайтарып алып кел, маған керек, – дейді қазақшалап. Жұмысқа айналып жүріп, Андрей түйрегішті қайтып беруді ұмытып та кетті.

Түйрегіші қажет болған әжей ұлдарына сұратып алайын десе, бостан-босқа ұрып-соғатынын білді. Өзі сұрайын десе, бір ауыз орысша білмейді. Содан шалына келіп:

– Әй, Сағындық, орысша осы түйрегішті не деуші еді?

– Оны қайтпексің, әлде орысша үйренейін деп жүрсің бе? Булавка деп аталады ғой ол құрғыр.

Андрейдің қасына жылдам жүріп жетіп келген әжей.

– Балам, отдай мой плавка, – демесі бар ма.

Аң-таң қалған екі жігіт біріне-бірі қарап меңіреу кейіпке түсті.

– Апа, не брал я ваши плавки, – деп екі қолын кеуде тұсына қойып ақталған.

Жейдесінің жеңіне түйрегішін түйрегішін әжей байқап қап, Андрейдің жеңінен түйрегішін ағытып алып:

– Ө, міне мой плавка, – деді.

серігін түртіп, нұсқап көрсетті, бөлме сәнін келтіру үшін ілінген кілем, түлкі, қасқыр терілері және қос ауыз мылтық пен көнеден қалған қанжар ілініп тұр, қара көлеңке ауызғы үйдегі жанып тұрған шаммен араласып кетіп жатыр.

Жайлап басып алға жылжыған қос қанішер ендігі бөлмеге енгенде үлкен ұл, келіншегі, нәрестесі үшеуі бейжай қалыпта ұйықтап жатты. Қанжарды ұстап тұрған Миша, әлсіз ғана қорылдап жатқан Сырымды қанжармен осып жіберді, сол сәтте Андрей жас періштенің бетін жастықпен жаба салған. Іс бітті дегендей екі әріптес бір-біріне қарап көз қысты. Келінге тиіспеген. Тек айқайлап жанталасқан жас әйелді шандып байлап тастады.

басып қалған. Қашып бара жатқан жас келіншектің оқ арқасына тиіп үнсіз қалды. Аласапыранды құлағы шалған әжей есіктен шыға бере, серейіп жатқан шалы мен өліп жатқан Андрейді көріп, қан қысымы көтеріліп, босағаға сүйенген қалпы жүрегі тоқтаған.

Жағдайдың осындай боларын күтпеген Миша, асықпай жүріп үйді аралады. Төргі бөлмедегі шкафттарды ақтарып жүріп, ақша да тауып алды. Мұндай ақша ұстамағалы қашан. Ұлдардың бөлмесінен жақсы деген киімдерді алып киіп, айнаға қарап өзіне масаттанып жүр. Үйдегі өліктер, жапан түздегі қорқыныш бұған әсер етпеген де. Тоңазытқышты ашып тоя тамақ жеді. Арақ-шарапты алдына үйіп қойып

тиген. Өйткені «саламандер» деп аталатын ерлер туфлинің ұлтарығы табылған. Демек, аяқ күйі қысқан ғой. Абылай жанына бір лейтенант пен сержантты ертті де, жол бойына шықты.

Өткенде құжат тексере келгенінде Михаил Ефремовтың Ресейдің Омбы жағында дүниеге келгенін білген. Демек, ол туған жағына кетуі мүмкін. Ақшасы бар, құжаты өзінде.

Абылай дереу Ақтөбе облысындағы курстас досы, қазір Ырғыз аудандық полиция бөлімін басқарып отырған Ержанға хабарласты.

– Ереке, қал жақсы ма? Уақыттығы. Көмегің керек. Омбы бағытына жүретін күдікті жолаушы, сезікті адам болса уақытша ұстай тұруың керек. Бір күдіктінің ізіне түсіп едік.

– Абеке, шүкір. Әрине. Фото робот жібер.

Абылай бірден облыстағы басшыларына хабарласып, Ақтөбе облысында жедел ұстау операциясын ұйымдастыру керектігін ескертті. Омбы бағытындағы пойыздар, ұшақтар, автобустар мен жеңіл көліктерді тексеру қажет!

Абылайдың ойы бойынша күдікті қылмыс жасаған өңірде қалмауға тырысады. Көрші аймаққа жетіп, сол жақтан Омбыға өтіп кетуге талпынады. Ойы алдамаған екен. Дабыл қағылып, көрші облыстың вокзал, аэропорттары, көлік өткізу бекеттері жоғары қырағылықпен тексеріліп жатты.

Абылай жеткен бойда вокзалға барған. Құжынаған жұрт. Тергеу бөліміндегілер әдетте арнайы форма кимейді. Көзіне қара көзілдірік пен басына кепкасын баса киген полковниктің полицей екенін ешкім де біле қоймайды. Шағын базар мен кафелерді аралап шығып, жұпыны сыраханалардың бірінен Мишаны аңғарып қалды. Ол да көп адамның ортасына сіңісіп, танымаса да біреулермен әңгімелесіп отыр екен. Арасында айналасына жалтақтап қарап қояды.

ҰШТАҒАНДАҒЫ



ҰМЫТТЫЛМАС МАУСЫМ

Мән-жайға енді қаныққан екеуі ал кеп күлсін. Өмірлерінде өстіп күлгендері алғаш рет шығар. Оны көздері шалып қалған үш ағайынды, шешемізді мазак қылды деп, әлгі екеуін қамшымен борбайлатып сабап жатыр. Шешелері араларына түсіп әлек.

Кеш те батты, малды жайғастырып, астарын ішіп алған екеуі қора артында темекі тұтатып жоспар құрып отыр.

– Жатып ұйықтады-ау деген мезетте біртіндеп жүріп құртайық. Сарай ішінде балта мен балға бар, соларды дайында.

– Өлгі жас келіннен абай бол, артынан қызығын көре жатармыз.

– Дұрыс айтасың.

Кекесін күлкі қою қараңғылыққа сіңіп кетті. Жапандағы жалғыз үй түн тыныштығына оранып, маужыраған кейіпке енген сәт. Қора жақтан сыырдың күйсегені мен шөп сыбдыры ғана естіледі. Иттер де үнсіз. Бұл үйдің есігі жабылмайтын. Күнде ашық тұрады. Екі жалшыдан күдіктенбеген де, қазақи аңғалдық та шығар.

Екеуі ептеп басып ішке енді. Төмендеу бөлмеде екі ағайынды көрпені бүркеніп алып ұйықтап жатқан. Бас жақтарын болжап тұрып Андрей балтаны серпіп жіберді, Миша да жылдамдатып балғалап жатыр. Әппақ көрпелер қызыл-ала қанға көмілді де кетті. Төргі бөлмеге көзі түскен Миша қасындағы

Енді шал, кемпірді бірдеңе қылу керек. Дәретке шығып келе жатқан Сағындық сасып қалды. Жайлап басқан қос жалшы бұған қарама-қарсы келе жатыр.

– Өй, әкеңнің осылардан күдіктеніп едім, – деп төргі үйдегі мылтығына жүгірді. Мылтықтың жоқ екенін сезген Сағындық, қарудың әлгі екеуінің қолында екенін қара көлеңкеден байқамаса керек. Анадайда жатқан балтаны көзі шалып қалды.

– Шал, ешқайда қашамын деп ойлама, жасың келді ғой, бері шық, қинамай жібереміз кететін жағыңа, – деді өздеріне әбден сеніп алған екі қорқау.

Еңгезердей үш жігітті жайратқан енді кімнен қорықсын! Тетігін тауып, шамды да жағып алды. Төргі үйге қарай жақындаған Андрейді аңдып тұрып Сағындық, кәрі де болса соғыстағы қырағылық, еңбек қылып жиналған қайраттылығымен балтаны жіберіп қалды. Көкіректен тиген балта қойсын ба, Андрей сол жерде сулап түсті. Миша өткір жүзбен өзіне қарап тұрған шалды сол жерде осып жіберді де, қолына қосауызды алды. Сулап жатқан серігіне жақындап еді, ол аттанып кеткен екен.

Көзі қызарақтап келін жатқан бөлменің есігін теуіп ашты. Бұл кезде жанталасып қолындағы жіпті шешкен келін ашық тұрған терезеден сүріне-қабынып секіріп, шыңғырған қалпы қаша жөнелді. Ондайды күтпеген Миша шүріппені

таң атқанша отырды. Енді жолға шығу керек.

Іргедегі разьездердің бірінен пойызға мініп, басы ауған жаққа қашуды да ойлан. Қолға түсіп қалуы мүмкін. Төрт-бес шақырым үйдегі Нивамен қашып, оны айдалаға тастап, жаяулап шығысқа қарай жүрді. Үлкен жолға шығып, Жезқазған жаққа қатынайтын жүк көліктерінің біріне мініп кетті.

Оқиға болған таңда қарындасын іздеп, құдаларына келген Ержан есік алдында қанға боялып жатқан бауырын көріп есінен танып қалған.

Бұны естіген ел адамдары у-шу болды. Кейбіреулер: «сауап, сол керек» десіп жатты.

Көп ұзамай Абылай да оқиға орнына жеткен. Криминалистика бөліміндегі әріптестері үйден табылған айғақтарды көрсетіп, сараптама қорытындысын қолына ұстатты.

– Абылай Қасымұлы, күдікті керзі етігін тастап, жеңіл аяқ киіммен кетуі мүмкін. Жалаң аяқ кетпеген шығар? Осы үйдегі Ниваны мініп кеткен.

Полковник бірден іске кірісті. Қол астындағы қызметкерлерінің бірін Алматы бағытына, тағы бірін Жамбыл облысы жаққа жіберіп, көлік доңгелегінің ізін бағамдады. Көп ұзамай, айдалада тұрған Ниваны да тапты. Айналаны толық тінтіп, кинолог ит алдыртты. Рекстің көмегі

Абылай да бір бокал квас алып, көзге көрінбейтін елеусіздеу жерден бақылауға көшті. Ең бастысы күдіктінің үркітіп, қашырып алмау керек. Қоғамдық орында оқ ату да қауіпті. Әйтпесе күштік құрылымдар арасында тапаншадан оқ ату жарыстарының бірнеше дүркін жеңімпазы екені анық. Бір сағаттан кейін күдікті Миша да асықпай басып сыртқа шықты. Абылай асықпай, артынан ілесті. Ақтөбедең Омбыға жүргелі тұрған автобусқа билет алып қойыпты. Қолындағы сөмкесінде суық қару да болуы мүмкін. Сол себепті сақ болуы керек. Тұтқиылдан жәймен барып, сыраға тойып, қызара-бөртіп тұрған Мишаның қолын қайырып, жерге атып ұрды. Жұрт дүрлігіп, полиция қызметкерлері де қаптап кеткен.

Тура кеткелі тұрған жерінен қолға түскен күдікті кіжініп, аузына келгенді айтып, боқтап жатты. Үсті-басын қағынып орнынан тұрған Абылай басшыларына хабарласып, күдіктінің ұсталғанын баяндады. Әріптестері келіп, арқасынан қағып жатыр.

Абылай Қасымұлы жылы жымыды да қойды. Ол үшін бұл күнделікті жұмыс болатын. Әрі өзіне өте ұнайтын қызмет еді.

Ал Сағындық шалдың оты өшті. Жапандағы жалғыз үйге ешкім жақындамайды, сескенетін шығар, кім білсін?

Мирас МҰҚАШ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6327 дана
Апталық таралым 12 654 дана
Тапсырыс №982 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31